

Дипломатиялық қызмет туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 12 қарашадағы N 187. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2002.03.07. N 299 Заңымен. ~Z020299

ЕСКЕРТУ. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 04 қарашадағы N 472 Заңымен енгізілген өзгерістер 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Заң мемлекеттік қызметтің бір бөлігі ретіндегі Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің құқықтық негіздерін, сондай-ақ оның қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

I тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Дипломатиялық қызмет ұғымы

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі - Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарына сәйкес Республиканың сыртқы саяси қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардағы азаматтардың кәсіби қызметі.

2. Консулдық қызмет - дипломатиялық қызметтің Қазақстан Республикасы Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысы негізінде жүзеге асырылатын бір бөлігі.

2-бап. Дипломатиялық қызмет жұмысының құқықтық негізі

Дипломатиялық қызмет жұмысының құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы заң, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет туралы" заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заң және нормативтік құқықтық актілері құрайды.

3-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының жүйесі

Дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктері, Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктері, Дипломатиялық корпусқа Қызмет көрсету жөніндегі департамент, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған бағынышты ұйымдар, Дипломатиялық академия және Сыртқы істер министрлігінің қарамағындағы басқа да оқу орындары құрайды.

4-бап. Сыртқы істер министрлігі

1. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметі жүзеге асыратын және дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Министрлікті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі б а с қ а р а д ы .

5-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының міндеттері

Дипломатиялық қызмет органдарына мынадай міндеттер жүктеледі:

1) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне тиісті ұсыныстар жасау;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы мен Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

4) дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығы мен шекараларының мызғымастығын қорғауды, басқа мемлекеттермен өзара қатынастарда және халықаралық аренада оның саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін қ а м т а м а с ы з е т у ;

5) Қазақстан Республикасының шетелдегі азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қатынастарын жүзеге асыру;

7) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарында Қазақстан Республикасының бірыңғай сыртқы саяси бағытын жүргізуді

қамтамасыз ету мақсатында басқа орталық атқарушы органдардың қызметін
ү й л е с т і р у ;

8) дүние жүзіндегі саяси және экономикалық жағдайларды, шет

мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатын, халықаралық ұйымдардың қызметін зерттеу;

9) мемлекеттік органдарды сыртқы және ішкі саясатты жүзеге асыруға қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

10) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

6-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының негізгі функциялары

Дипломатиялық қызмет органдарына мыналар жүктеледі:

1) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасы атынан өкілдік ету;

2) Қазақстан Республикасы халықаралық саясатының стратегиясын іске асыру;

3) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен келіссөздер жүргізуін және халықаралық шарттарға қол қоюын ұйымдастыру ;

4) халықаралық шарттарды жасасу, бекіту, орындау, қолданылуын тоқтата тұру және күшін жою туралы ұсыныстар әзірлеу және оларды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қарауына е н г і з у ;

5) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарының мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламенті мен Үкіметіне белгілеген тәртіп пен ұсыныстар мен ұ с ы н ы м д а р т а б ы с е т у ;

6) Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың қызметі Қазақстан Республикасының қатысуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық қоғамдастық мүшесі ретіндегі ғаламдық және аймақтық проблемаларды шешудегі ролін арттыруға жәрдемдесу;

7) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны халықаралық дәрежеде қорғау мен ұтымды пайдалану, Дүние жүзілік мұхит ресурстарын игеру, ғарыш кеңістігін зерттеу салаларындағы мүдделерін қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін, құқық тәртібін сақтауды қамтамасыз ету, сауда-экономикалық және қаржы байланыстарын, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ғылыми-техникалық, мәдени және өзге де алмасуларын дамыту мен кеңейту жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысу;

9) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуын жалпы қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар саласындағы заңдарын жетілдіру, оларды Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

11) жоғары және үкіметтік деңгейлердегі мемлекетаралық алмасуларды хаттамалық жағынан қамтамасыз ету;

12) дипломатиялық және консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының басқа елдермен парламентаралық байланыстарын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

14) Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде халықаралық-құқықтық нормалар мен Қазақстан Республикасының заңдарында реттелген консулдық функцияларды жүзеге асыру;

15) шетелде тұратын отандастармен байланыстарды және қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;

16) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеудің, есепке алудың және сақтаудың бірыңғай мемлекеттің жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

17) Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің жұмыс істеуіне жәрдемдесу, өз құзыретінің шегінде оларға қызмет көрсететін ұйымдардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру;

18) Қазақстан Республикасының халықаралық бейбітшілікті, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы іске асыру;

19) аштыққа және мешеулікке, халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа және есірткілер мен қарудың заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі, сондай-ақ экологиялы қолайсыз жағдай және техногендік апат аймақтарындағы зардаптарды жою жөніндегі халықаралық акцияларға қатысу;

20) шетелде Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпарат таратуға

ж ә р д е м д е с у ;

21) Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардың депозитарийі функцияларын жүзеге асыру;

22) Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратын және оның шетелдегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктерін, бағынысты ұйымдардың кадрлармен қамтамасыз етуді жүзеге асыру, дипломатиялық қызмет кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ;

23) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және қоғамдық бірлестіктерімен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасасу;

24) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, бұқаралық

ақпарат құралдарын халықаралық жағдай мен Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты туралы хабардар етіп отыру;

25) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да функцияларды жүзеге асыру.

7-бап. Байланыс, архив, қауіпсіздік және баспасөз органдары

1. Дипломатиялық қызметтің дербес байланысы мен архиві болады.

2. Дипломатиялық қызмет жеке телекоммуникациялар желісі мен курьерлік қызметті пайдаланады.

3. Дипломатиялық қызметтің архивінде халықаралық шарттардың түпнұсқалары мен дұрыс көшірмелері, сондай-ақ оның қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да материалдар сақталады.

4. Дипломатиялық қызмет Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде өзінің органдары мен мекемелерінің қауіпсіздік жүйесін ұйымдастырады.

5. Дипломатиялық қызмет органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес баспа өнімдерін шығаруға хақылы.

II тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КАДРЛАРЫ, ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ТАҒАЙЫНДАУ

8-бап. Дипломатиялық қызмет кадрларының құрамы

1. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарында жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет қызметкерлері үшін мынадай лауазымдар белгіленеді:

1) Төтенше және Өкілетті Елші, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі;

2) бас консул;

3) Кеңесші-уәкіл (Тұрақты өкілдің орынбасары);

4) кеңесші;

5) консул;

6) бірінші хатшы;

7) вице-консул;

8) екінші хатшы;

9) үшінші хатшы;

10) атташе;

11) референт.

2. Дипломатиялық қызмет кадрларын мыналар құрайды:

1) штаттағы дипломатиялық лауазымдарды, тұрақты негізде атқаратын қызметкерлер;

2) штаттағы әкімшілік-техникалық лауазымдарды тұрақты негізде атқаратын қызметкерлер;

3) штаттағы дипломатиялық және әкімшілік-техникалық лауазымдарды келісім-шарт негізінде атқаратын қызметкерлер.

3. Дипломатиялық қызмет органдарында дипломатиялық лауазымдар атқаратын адамдар дипломатиялық қызметтің қызметкерлері болып табылады.

Дипломатиялық қызмет органдары мен олардың аппараттарына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар дипломатиялық қызметтің қызметкерлеріне жатпайды, олардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының еңбек заңдарымен реттеледі.

4. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері дипломатиялық қызмет органдарынан Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарына ауыстырылған жағдайда Сыртқы істер министрлігінің резервіне енгізіледі.

Сыртқы істер министрлігінің резерві туралы ережені Сыртқы істер министрі б е к і т е д і .

5. Осы Заңның дипломатиялық дәрежелер беруге, дипломатиялық қызмет стажын есептеуге және әлеуметтік-тұрмыстық мәселелеріне қатысты бөлігіндегі ережелер халықаралық ұйымдарға жұмысқа іссапармен жіберілген, Сыртқы істер министрлігі жоғары оқу орындарына, аспирантураға, докторантура және ғылыми мекемелерге уақытша жіберген дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне қ о л д а н ы л а д ы .

9-бап. Дипломатиялық лауазымдарға тағайындау

1. Дипломатиялық лауазымға Қазақстан Республикасының жоғары білімі бар, шет тілін білетін және жұмысқа қажетті арнаулы білімі бар азаматтары тағайындалады.

2. Сыртқы істер министрінің Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Қазақстан Республикасының елшілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдерін Сыртқы істер министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Сыртқы істер министрінің орынбасарлары, Дипломатиялық академияның ректоры Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

Дипломатиялық қызметтің басқа да лауазымдарына Сыртқы істер министрі тағайындайды.

3. Қазақстан Республикасында шетелде жұмыс істегеннен кейін қайтып оралған дипломатиялық қызметтің қызметкері, егер ол осы Заңның 21-бабында көзделгендей жазаға тартылмаған жағдайда, өзінің шетелде атқарған лауазымына тең лауазымға тағайындалады.

III тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДӘРЕЖЕЛЕР

10-бап. Дипломатиялық дәрежелер

Дипломатиялық қызметтің қызметкерлеріне атқаратын лауазымы мен біліктілігін ескере отырып мынадай дипломатиялық дәрежелер беріледі:

- 1) атташе;
- 2) үшінші хатшы;
- 3) II сыныпты екінші хатшы;
- 4) I сыныпты екінші хатшы;
- 5) II сыныпты бірінші хатшы;
- 6) I сыныпты бірінші хатшы;
- 7) II сыныпты кеңесші;
- 8) I сыныпты кеңесші;
- 9) II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 10) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;

11) Төтенше және Өкілетті Елші.

11-бап. Дипломатиялық дәрежелерді беру тәртібі

1. Төтенше және Өкілетті Елші, I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежелерін Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Басқа дипломатиялық дәрежелерді Сыртқы істер министрі береді.

Сыртқы істер министрі беретін дипломатиялық дәрежелердің берілу тәртібі Сыртқы істер министрі бекітетін ережемен белгіленеді.

2. Қызметкердің дипломатиялық дәрежесі әдетте дипломатиялық қызметте атқаратын лауазымына сәйкес немесе одан бір саты жоғары не одан төмен болуға т и і с .

3. Дипломатиялық дәрежелердің берілуі тиісті куәліктер беру және қызметтік тізбеге (еңбек кітапшасына) жазба жасау арқылы расталады. Дипломатиялық дәрежелер ғұмыр бойынша беріледі.

12-бап. Дипломатиялық дәрежелерде болу мерзімдері

1. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері үшін дипломатиялық дәрежелерде болудың мынадай мерзімдері белгіленеді:

1) атташе, үшінші хатшы, II және I сыныпты екінші хатшы үшін - екі жыл;

2) II және I сыныпты бірінші хатшы, II сыныпты кеңесші үшін - үш жыл.

I сыныпты кеңесшіден және одан жоғары дипломатиялық дәрежелерде болу мерзімдері белгіленбейді.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дипломатиялық дәрежелерде болу мерзімдеріне мыналар есептеледі:

1) Сыртқы істер министрлігінің орталық аппараты мен оған бағынысты мекемелерде істеген жұмыс;

2) шетелдік мекемелерде істеген жұмыс;

3) Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктерінде істеген жұмыс;

4) бұрынғы КСРО мен одақтас республикалардың сыртқы істер министрліктерінде істеген жұмыс;

- 5) халықаралық ұйымдарда істеген жұмыс;
- 6) Сыртқы істер министрлігінің жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелеріндегі ғылыми немесе оқытушылық қызмет;
- 7) Сыртқы істер министрлігі арқылы оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде біліктілігін арттыру;
- 8) Сыртқы істер министрлігі уақытша жіберген жоғары оқу орындарында, аспирантурада, докторантурада және ғылыми мекемелерде оқу.

13-бап. Дипломатиялық дәрежелерді мерзімінен бұрын және кезектен тыс беру, төмендету, одан айыру және оны қалпына келтіру

1. Дипломатиялық қызметінің қызметкерлері жекелеген жағдайларда, олар жұмыста елеулі табыстарға жеткен немесе ерекше еңбек сіңірген кездерде дәрежесі жөнінен белгіленген мерзім біткенге дейін (мерзімнен бұрын дәреже беру) көтерілуі немесе оларды берудің кезегін сақтамай-ақ (кезектен тыс дәреже беру) өсірілуі мүмкін.

2. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінен шығарылған адамдар Қазақстан Республикасының және болған елінің заң актілерінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғатын әрекеттер жасаған жағдайда, олар дипломатиялық дәрежесі жөнінен төмендетілуі немесе дипломатиялық дәрежесінен айырылуы мүмкін.

Қызмет тәртібін бұзғаны үшін не басқа да беделіне дақ түсіретін әрекеттер жасағаны үшін Сыртқы істер министрлігі жүйесінен жұмыстан шығарылған жағдайда қызметкер сонымен бірге дипломатиялық дәрежесінен де айырылады.

Қызметкерді дипломатиялық дәрежесінен айыру немесе оның дәрежесін төмендету оның берілген кездегісі сияқты тәртіппен жүргізіледі.

Қызметкердің бұрынғы дипломатиялық дәрежесі қызметтік аттестациялаудан өткеннен кейін қалпына келтіріледі.

IV тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ

14-бап. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлерін лауазым бойынша ауыстыру, олардың лауазымдар атқаруы

1. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлерін лауазым бойынша ауыстыру

қызметтік қажеттілікке сәйкес, біліктілігін, кәсіби даярлығын кадрларды алмастыру мен мамандандыру принциптерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Бос лауазымды атқару Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тағайындау жолымен жүргізіледі.

2. Шетелдік мекемеде жұмыс істеген кезінде дипломатиялық қызметтің қызметкері лауазымы жағынан бір реттен астам жоғарылатылмауға тиіс, бұған оның шетелде болу мерзімі қызметтік қажеттілік бойынша ұзартылған жағдайлар қ о с ы л м а й д ы .

Шетелдегі мекемеде жұмыс істеген кезеңде кіші жедел дипломатиялық қызметкерлер, (атташе, референт) лауазымда, қоса алғанда үшінші хатшылыққа де й і н ө с і р і л у і м ү м к і н .

15-бап. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлерін ауыстыру

1. Дипломатиялық қызмет органдарында Сыртқы істер министрлігі мен шетелдік мекемелердегі қызметкерлер ауыстырылып отырады.

Ауыстыру шеңберінде дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің кәсіби даярлығы мен мамандануы ескеріле отырып, олар әр түрлі елдерге жіберілуі және өз қызметін Сыртқы істер министрлігінің функционалдық, сондай-ақ аумақтық бөлімшелерінде жүзеге асыруы мүмкін.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының бөлімшелерінде жұмыс беру мерзімі шетелдік мекемелерде жұмыс істеуі арасындағы кезеңде бір жылдан кем болмауға тиіс.

3. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің шетелдік мекемелердегі үздіксіз жұмыс мерзімі үш жылдан аспауға тиіс.

Аталған мерзімді қызметтік қажеттілікке сәйкес және дипломатиялық қызмет қызметкерінің келісуімен Сыртқы істер министрі ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір ж ы л д а н а с п а у ғ а т и і с .

Осы бапта белгіленген тәртіп шетелдік мекемелердің басшылары ретінде жұмысқа жіберілетін адамдарға қолданылмайды.

4. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің шетелдік мекемелерде жұмыс істеуге дәлелді себептерсіз барудан бас тартуы тәртіп бұзушылық болып табылады және тәртіптік жаза қолдануға негіз болуы мүмкін.

Шетелдік мекемелерде жұмыс істеуге барудан бас тартуға дәлелді деп танылатын себептер тізбесін Сыртқы істер министрі белгілейді.

16-бап. Туысқан адамдардың бірге қызмет етуін шектеу

Дипломатиялық қызмет органдарында бір-біріне тікелей қызметтік

бағыныстағы жақын туыстардың бірге жұмыс істеуіне жол берілмейді.

17-бап. Қызметтік аттестаттау

1. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері кемінде үш жылда бір рет қызметтік аттестаттаудан өтеді.
2. Шетелдік мекемелерге жұмыс істеуге жіберілген дипломатиялық қызметтің қызметкерлері қызметтік аттестаттаудан қайтып келгеннен кейін өтеді.
3. Қызметтік аттестаттаудан өту тәртібі Сыртқы істер министрі бекітетін дипломатиялық қызметтің қызметкерлерін аттестаттау туралы ережемен белгіленеді.

18-бап. Жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелерге жіберу

1. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері олардың келісімімен кәсіби даярлықтан және стажировкадан өту, халықаралық көкейкесті проблемаларды ғылыми тұрғыда, талдау Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің жоғарғы оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне уақытша жіберілуі мүмкін. Бұл жағдайда олар Сыртқы істер министрлігінің резервіне енгізіледі.
2. Стажировка мерзімі немесе ғылыми іссапар аяқталғаннан кейін дипломатиялық қызметтің қызметкері резервке алынғанға дейін атқарған қызметіне төмен емес дипломатиялық қызметке тағайындалады.

V тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

19-бап. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

1. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады және барлық міндеттерді атқарады.
2. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері шетелде жұмыс істеген кезеңде халықаралық құқық нормаларына сәйкес дипломатиялық қызметтің

қызметкерлері үшін белгіленген артықшылықтар мен иммунитеттерді п а й д а л а н а д ы .

3. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері шетелде жұмыс істеген

кезеңде барған елінің заңдарын, ережелері мен дәстүрлерін құрметтеуге өздеріне жүктелген міндеттерді кез келген уақытта жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасы атынан лайықты етуге міндетті.

20-бап. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлерін көтермелеу

1. Заңдарда көзделген жағдайларда дипломатиялық қызметтің қызметкерлеріне мынадай көтермелеу қолданылады:

- 1) лауазымды жоғарылату;
- 2) мерзімінен бұрын дипломатиялық дәрежесін жоғарылату;
- 3) ақшалай сыйақылар;
- 4) көтермелеудің өзге де нысандары.

2. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері ерекше сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградталуға ұсынылуы мүмкін.

21-бап. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің жауапкершілігі

1. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлеріне мынадай тәртіптік жазалар қолданылады:

- 1) сөгіс;
- 2) қызметіне толық сәйкес келмейтіні туралы ескерту;
- 3) кезекті дипломатиялық дәреже беруді немесе неғұрлым жоғары лауазымға тағайындауды бір жылға дейін кідірту;
- 4) лауазымын немесе дипломатиялық дәрежесін төмендету;
- 5) дипломатиялық дәрежесінен айыру;
- 6) жұмыстан босату;
- 7) дипломатиялық дәрежеден айыра отырып жұмыстан босату.

3. Тәртіптік жазаны Қазақстан Республикасы мен болған елінің заң актілерінде көзделген өзгедей жауаптылыққа әкеп соғатын әрекеттер жасағаны

ү ш і н

қ о л д а н у ғ а

б о л м а й д ы .

22-бап. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерін кері шақырып алу

1. Қазақстан Республикасының немесе болған елінің заңдарында

белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатын әрекеттер жасаған, шетелдік мекемелерде жұмыс істейтін дипломатиялық қызметтің қызметкерлері, оларға тәртіптік ықпал ету шараларын қолданудан басқа, мерзімінен бұрын Қазақстан Республикасына кері шақырылып алынуы мүмкін.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерін мерзімінен бұрын кері шақырып алуға олардың отбасы мүшелерінің нақ сондай әрекеттер жасауы да негіз болуы мүмкін.

VI тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
КЕПІЛДІКТЕР МЕН ӨТЕМАҚЫЛАР,
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН
МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

23-бап. Дипломатиялық қызметті қаржылық және материалдық-шаруашылық жағынан қамтамасыз ету

1. Республика аумағында және шетелде дипломатиялық қызметті, оның органдарын қаржымен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Дипломатиялық қызмет органдарының қызметін материалдық-шаруашылық жағынан қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Республика аумағында және шетелде жылжымайтын және өзге де мүлікті иелену, пайдалану және оларға билік ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 23-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 4 қарашадағы N 472 заңымен. Z990472_

24-бап. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлеріне шетелдік мекемелердегі жұмысы кезінде берілетін

1. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері мен олардың отбасыларын материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету қызмет өткеру қиындығын, оған байланысты тәуелді, сондай-ақ шет мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалады.

Шетелде болу Дипломатиялық қызметтің қызметкері мен оның отбасына қандай да болсын залал келтірмеуге тиіс.

2. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері тиісті медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі.

3. Шетелдік мекемеде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің, жыл сайынғы ақылы демалысқа не отбасы мүшесінің біреуінің қайтыс болуына байланысты барып-қайту көлік шығыстарының өтелуіне құқығы бар.

4. Дипломатиялық қызметтің қызметкері өзімен бірге тұратын отбасы мүшелері, қызметтік жағдайы, жергілікті жағдай ескеріле отырып, шетелде баспанамен қамтамасыз етілуге тиіс.

5. Қарулы немесе азаматтық қақтығыстар кезінде не шетелдік мекемелер мен олардың қызметкерлерінің қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда, сондай-ақ шетелдік ұйымдар орналасқан жерлерде табиғи апаттар болған жағдайларда немесе басқа жағдайларда Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің және олармен бірге тұратын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қорғауға қажетті шаралар қолданады.

Дипломатиялық қызметтің қызметкеріне немесе оның отбасы мүшелеріне шетелде болған кезінде өзінің қызметтік міндеттерін не солармен байланысты іс-әрекетті атқару кезінде келтірілген залал Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтеледі.

6. Осы баптың ережелері Дипломатиялық қызметтің қызметкерлеріне жатпайтын дипломатиялық қызметтегі қызметкерлерге де қолданылады.

25-бап. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің еңбек қатынастарын реттеу

Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің еңбек қатынастары осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен р е т т е л е д і .

26-бап. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің еңбегіне а қ ы т ө л е у

1. Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының заңдарына с ә й к е с т ө л е н е д і .

2. Шетелде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет қызметкерлері мен дипломатиялық қызмет органдарын техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарға еңбекақы төлеу болған елінің әлеуметтік экономикалық және материалдық-тұрмыстық

жағдайларын ескере отырып, еңбекке ақы төлеудің Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

Бұл қызметкерлердің еңбек ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.10.10.
N 247 Заңымен.

Z010247_

27-бап. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерін зейнетақымен
қамсыздандыру және әлеуметтік жағынан қорғау

Дипломатиялық қызмет қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік жағынан қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

VII тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТОҚТАТУ

28-бап. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің еңбек
қатынастарын тоқтату

1. Дипломатиялық қызметті тоқтату үшін:
1) адамның өз тілегінен жұмыстан босату туралы өтініш беруі;
2) келісім-шарт мерзімінің бітуі немесе заңдарда көзделген негіздер бойынша келісім-шартты бұзу;

3) дипломатиялық қызмет қызметкерінің Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген дипломатиялық қызметте болудың шекті жасына жетуі;

4) дипломатиялық қызмет қызметкерінің өз табыстары мен мүлкі туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі;

5) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де себептер негіз болып табылады.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерін жұмыстан дипломатиялық лауазымға тағайындау құқығы берілген тиісті лауазымды тұлға босатады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.

Икебаева А.